

Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 12/92 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 4 ақпанда N 1849 тіркелді. Күші жойылды - Ақтау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі № 21/203 шешімімен.

Ескерту: Күші жойылды - Ақтау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі № 21/203 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 53-бабына сәйкес, тұрғындардың әлеуметтік әлсіз қатарына жататын, азаматтардың жекелеген санаттарына және облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қоса беріліп отырған бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету Ережесі бекітілсін.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

Ж.Құдайбергенов

Ұ.Сыдықова

"Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету Ережесін бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2004 жылғы N 12/92 шешімімен бекітілген

Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету ережесі

"Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау көрсетудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) тұрғындардың әлеуметтік қорғалуға жататын қатарлары және жекелеген санаттағы азаматтарға бір жолғы материалдық көмек, сонымен қатар облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсетілу тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Бір жолғы материалдық көмек тұрғындардың әлеуметтік қорғалуға жататын қатарларына және жекелеген санаттардағы азаматтарға әлеуметтік, материалдық қолдау мақсатында жергілікті бюджет есебінен тағайындалады және көрсетіледі.

2. Бір жолғы материалдық көмек:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне тіс протезін салдыру, дәрі-дәрмек алу, мерзімдік басылымға жазылуға;
- 2) Чернобыль атом электр станциясының апаты салдарын жоюшы мүгедектеріне тіс протезін салдыруға;
- 3) аз қамтылған отбасылар, тұрғындардың әлеуметтік қорғалуға жататын санатындағы азаматтар, аса мұқтаж әлеуметтік сала қызметкерлеріне;
- 4) мемлекеттік мерекелер, атаулы даталар құрметіне азаматтардың жекелеген с а н а т т а р ы н а ;
- 5) Республикалық маңыздағы дербес зейнеткер В.Д.Горшенинге көрсетіледі.

3. Облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге ай сайынғы үстеме ақы әлеуметтік, материалдық қолдау мақсатында жергілікті бюджет есебінен т а ғ а й ы н д а л а д ы .

4. Бір жолғы материалдық көмек пен облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге ай сайынғы үстеме ақыны тағайындау, төлеу бойынша уәкілетті органы болып қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі белгіленеді (бұдан әрі - уәкілетті орган).

5. Бір жолғы материалдық көмек заңсыз төленген жағдайда қолданыстағы заңнамаларға сәйкес кінәлі тұлғалардан кейін қайтарылады.

6. Уәкілетті орган қызметкерлері ай сайын әділет органдарымен, Мемлекеттік зейнетақы төлеу Орталығының Маңғыстау облыстық филиалымен және басқада мүдделі органдар мен ай сайын бір жолғы материалдық көмек, ай сайынға үстеме ақы алушылар құрамына салыстыру жүргізеді.

7. Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақыны төлеудің есебін жүргізу, толық қамту мен қаржыны уақтылы аудару уәкілетті органға міндеттеледі.

2. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне тіс протезін салдыру, дәрі-дәрмек алу және мерзімдік басылымға жазылуға төленетін бір жолғы материалдық көмектің тағайындалу тәртібі

8. Бір жолғы материалдық көмек:

- 1) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне дәрі-дәрмек алуға бес мың (5000) теңге мөлшерінде;
- 2) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне тіс протезін салдыруға үш жылда бір рет он мың (10000) теңге мөлшерінде;
- 3) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне облыстық қоғамдық-саяси газеттің таңдауы бойынша біреуіне жазылу үшін жылдық құны м ө л ш е р і н д е к ө р с е т і л е д і .

9. Материалдық көмек иесі болған азаматтарға бір жолғы материалдық көмек бұрын құрастырылған алушылардың дербес іс қағаздары бойынша төленеді.

10. Бір жолғы материалдық көмек алуға құқы бар жаңадан келген азаматтар уәкілетті органға бекітілген тізбеге сәйкес құжаттар тапсырады. Уәкілетті орган алушылардың дербес іс қағаздарын құрастырады.

11. Алушылардың дербес іс қағаздарын құрастыру кезінде уәкілетті орган қызметкерлері құжаттарды түпнұсқасымен салыстыру арқылы тексеру жүргізеді, көшірмелерді куәландырады.

12. Әлеуметтік көмектің тағайындалуы немесе қабылданбауы туралы шешім бекітілген тізбеге сәйкес қабылданған құжаттар мен өтініш тапсырылған күннен бастап 10 күн ішінде қабылданады.

13. Бір жолғы материалдық көмек тағайындауға және төлеуге қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) тұрақты мекен-жайын анықтайтын тұрғындарды тіркеу кітабы;
- 2) өтініш берушінің жеке куәлігі;
- 3) салық төлеушінің тіркелу куәлігі;
- 4) материалдық көмек алу мәртебесі бар екендігін дәлелдейтін құжат - Ұлы Отан соғысына қатысқандығы немесе мүгедегінің куәлігі.

14. Алушының дербес іс қағаздары уәкілетті органда сақталып, бір жолғы материалдық көмектің аударылғандығы туралы жыл сайынғы мәліметтермен толықтырылып отырады.

15 Бір жолғы материалдық көмек алушының мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына аударылады.

16. Бір жолғы материалдық көмек алушы азаматтар тапсырылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығына тікелей жауапты.

3. Чернобыль атом электр станциясының апаты салдарын жоюшы мүгедектерге тіс протезін салдыруға бір жолғы материалдық көмек тағайындау тәртібі

17. Чернобыль атом электр станциясының апаты салдарын жоюшы мүгедектерге тіс протезін салдыруға үш жылда бір рет он мың (10000) теңге мөлшерінде материалдық көмек төленеді.

18. Материалдық көмек тағайындау және төлеуге қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) тұрақты мекен-жайын анықтайтын тұрғындарды тіркеу кітабы;
- 2) өтініш берушінің жеке куәлігі;
- 3) салық төлеушінің тіркелу куәлігі;
- 4) материалдық көмек алу мәртебесі бар екендігін дәлелдейтін құжат - Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысқандығы туралы куәлік және медициналық-әлеуметтік эксперт комиссиясының анықтамасы.

19. Азаматтарға бір жолғы материалдық көмек бұрын құрастырылған алушылардың дербес іс қағаздары бойынша төленеді.

20. Бір жолғы материалдық көмек алуға құқы бар жаңадан келген азаматтар

уәкілетті органға бекітілген тізбеге сәйкес құжаттар тапсырады. Уәкілетті орган алушылардың дербес іс қағаздарын құрастырады.

21. Алушылардың дербес іс қағаздарын құрастыру кезінде уәкілетті орган қызметкерлері құжаттарды түпнұсқасымен салыстыру арқылы тексеру жүргізеді, көшірмелерді к у ә л а н д ы р а д ы .

22. Әлеуметтік көмектің тағайындалуы немесе қабылданбауы туралы шешім бекітілген тізбеге сәйкес қабылданған құжаттармен өтініш тапсырылған күннен бастап он күн ішінде қабылданады.

23. Дербес іс қағаздары уәкілетті органда сақталып, бір жолғы материалдық көмектің аударылғандығы туралы жыл сайынғы мәліметтермен толықтырылып о т ы р а д ы .

24. Бір жолғы материалдық көмек алушының мекен-жайы бойынша жеке есеп ш о т ы н а а у д а р ы л а д ы .

25. Бір жолғы материалдық көмек алушы азаматтар тапсырылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығына тікелей жауапты.

4. Аз қамтылған отбасыларына, тұрғындардың әлеуметтік қорғалуға жататын қатарларына, аса мұқтаж әлеуметтік саладағы қызметкерлеріне бір жолғы материалдық көмек тағайындау тәртібі

26. Бір жолғы материалдық көмек аз қамтылған отбасыларына, тұрғындардың әлеуметтік қорғалуға жататын қатарларына және аса мұқтаж әлеуметтік саладағы (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қорғау,) қызметкерлеріне т а ғ а й ы н д а л а д ы .

27. Бір жолғы материалдық көмек тұрақты мекен жайға көшіп келуші оралмандарға қоныстанудың алғашқы жылында тағайындалады.

28. Бір жолғы материалдық көмек табыс мөлшеріне қарамастан азаматтардың өтініші бойынша ауыр материалдық, моральдық зардаптарға соқтырған өмірдің айрықша қиын кезеңдерінде жылына бір рет:

- 1) отбасы мүшелерінің біреуі қайтыс болған жағдайда;
- 2) облыстан тыс жерлерде емделуге материалдық жағдайы келмесе;
- 3) отбасына материалдық залал келтірген өрт болған жағдайда;
- 4) басқа да қайғылы оқиғалар болғанда беріледі.

29. Өмірдің айрықша қиын кезеңдері қайталанған жағдайлардың аса ауыр зардаптарында ғана материалдық көмек қайта тағайындалады, алайда жылына е к і р е т т е н а р т ы қ е м е с .

30. Әлеуметтік саласындағы аса мұқтаж қызметкеріне бір жолғы материалдық көмек тағайындау кезінде оның кәметке толмаған балалары мен отбасы құрамында әлеуметтік қорғалуға жататын азаматтардың болуы және көмек алушыдан басқа асыраушының жоқтығы ескеріледі.

31. Алушылардың дербес іс қағаздарын құрастыру кезінде уәкілетті орган

қызметкерлері құжаттарды түпнұсқасымен салыстыру арқылы тексеруге, мәртебені анықтайтын және дәлелдейтін қосымша құжаттарды талап етуге құқылы, көшірмелерді куәландырады.

32. Әлеуметтік көмектің тағайындалуы немесе қабылданбауы туралы шешім бекітілген тізбеге сәйкес қабылданған құжаттармен өтініш тапсырылған күннен бастап он күн ішінде қабылданады.

33. Қала әкімі немесе әлеуметтік мәселелер жөніндегі қала әкімінің орынбасары әлеуметтік көмек көрсету шараларын жүзеге асырады.

34. Материалдық көмекке тапсырылған құжаттарды қарау барысында уәкілетті орган қызметкерлері өтініш берушінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексереді, көмек тағайындауға негіз болған фактының шындығына көз жеткізеді.

35. ала әкімі немесе әлеуметтік мәселелер жөніндегі қала әкімінің орынбасары әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексеру актінің, берілген құжаттардың негізінде бір жолғы материалдық көмектің мөлшерін белгілеп қарар (резолюция) шығарады.

36. Материалдық көмек тағайындауға және төлеуге қажетті құжаттар:

- 1) тұрақты мекен-жайын анықтайтын тұрғындарды тіркеу кітабы;
- 2) өтініш берушінің жеке куәлігі, отбасы мүшелерінің құжаттары;
- 3) салық төлеушінің тіркелу куәлігі;
- 4) материалдық көмек алу мәртебесі бар екендігін дәлелдейтін құжат;
- 5) Зардапты оқиғаны дәлелдейтін құжаттар (анықтама, куәлік және т.б.)
- 6) Әлеуметтік, материалдық ауыр жағдайды куәландыратын т.б. құжаттар.

37. Бір жолғы материалдық көмек өтініш беруші тұлғаға қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келесі атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде оның жиынтық табысына саналмайды.

38. Бір жолғы материалдық көмек алушының мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына аударылады.

39. Бір жолғы материалдық көмек алушы азаматтар тапсырылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығына тікелей жауапты.

5. Мемлекеттік мерекелер, атаулы даталарда жекелеген санаттардағы азаматтарға бір жолғы материалдық көмек тағайындау тәртібі

40. Мемлекеттік мерекелер, атаулы даталарда бір жолғы материалдық көмек:

- 1) жыл сайын Жеңіс Күніне (9 мамыр) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
- 2) жыл сайын Жеңіс Күніне (9 мамыр) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ерен еңбегі үшін Кеңес Одағының ордендері мен медальдарымен (медальдар тізбесіне сәйкес) марапатталған азаматтарға үш айлық есептік

к ө р с е т к і ш

м ө л ш е р і н д е ;

3) жыл сайын Жеңіс Күніне (9 мамыр) 1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында еңбек кітапшасында алты айдан жоғары жұмыс жасағандығы туралы жазбасы немесе мұрағат анықтамасы бар тыл еңбеккерлеріне екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) жыл сайын Жеңіс Күніне (9 мамыр) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан, қайтыс болған, хабарсыз жоғалып кеткен жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлері екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5)жыл сайын Жеңіс Күніне (9 мамыр) Ленинград қоршауының тұрғындары және фашист концлагерінің тұтқындарына екі айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

6) жыл сайын Қарттар Күніне (1 қазан) 70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) жыл сайын Мүгедектер Күніне (қазан айының екінші жексенбісі) 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) жыл сайын Мүгедектер Күніне (қазан айының екінші) жексенбісі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 1 және 2 топ мүгедектеріне екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) жыл сайын Қазақстан Республикасы Күніне (25 қазан) асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

41. Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелі күндерде, атаулы даталарда бір жолғы материалдық көмек Мемлекеттік зейнетақы төлеу Орталығының Маңғыстау облыстық филиалының мәліметтер жиынтығы негізінде тағайындалады.

42. Бір жолғы материалдық көмек алушының мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына аударылады.

6. Республикалық маңыздағы дербес зейнеткер В.Д.Горшенинге бір жолғы материалдық көмек тағайындау тәртібі

43. Республикалық маңыздағы дербес зейнеткер Горшенин Вячеслав Дмитриевичке он бес мың теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек тағайындалады.

44. Бір жолғы материалдық көмек алушының мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына аударылады.

7. Облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге ай сайынғы үстеме ақы тағайындау тәртібі

45. Облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге ай сайынғы үстеме ақы облыс алдындағы елеулі еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

46. Көмек тағайындауға Маңғыстау облысы халық депутаттарының 1992 жылғы 22 мамырындағы N X/254 қаулысымен бекітілген облыс алдындағы елеулі еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы комиссиясы шешімінің үзіндісі негіз болып табылады.

47. Бір жолғы материалдық көмек мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына ауыстырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК